БАҚ журналистері үшін «Электронды қаржы» шығармашылық конкурсына қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстанның БАҚ штаттағы және штаттан тыс журналистерінің арасында Қазақстандағы электронды ақша тақырыбына ең үздік басылымға шығармашылық конкурс (бұдан былай – Конкурс) жарияланады.

1.2. Конкурс тақырыбы – электронды ақша, электронды төлем сервистері, электронды ақша шығару, оның арналуы, мүмкіндіктері, жағымды жақтары, даму жолдары, үрдістері аясында қазақстандықтардың сауатын ашу.

1.3. Конкурстың мақсаты – электронды ақша және электронды коммерция аясындағы ҚР азаматтарының қаржы сауатын көтеру; объективті, кәсіби журналистика және публицистика дәстүрлерін дамыту.

1.4. Конкурс құрылтайшысы әрі ұйымдастырушысы – «Объединенная система моментальных платежей» ЖШС (бұдан былай – ОСМП).

1.5. Конкурстың өткізілуі және қорытындылары туралы ақпарат ОСМП сайтында (www.qiwi.kz) орналастырылады.

2. Конкурс өткізілетін мерзім және тәртіп

2.1. Конкурста Конкурс тақырыбына сай және **2014 жылғы 1 қаңтардан 2014 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі** кезеңде басылым БАҚ, Интернет желісінде жарияланбаған немесе телеарналар арқылы берілмеген жұмыстар қабылданады.

2.2. Конкурсқа қатысуға келесідей журналистерге мүмкіндік беріледі:

- республикалық және өңірлік қоғамдық-саяси баспа БАҚ;
- республикалық және өңірлік іскерлік БАҚ;
- республикалық және өңірлік телеарналар;
- Интернет желісіндегі жаңалық порталдары және электронды БАҚ.

2.3**. Конкурсқа қатысу үшін** келесілерді ұсыну қажет:

- баспа басылымдары үшін – Word форматындағы электронды нұсқасы – жарияланбаған материалдар үшін немесе нөмірдің шығыс деректерін көрсетіп, басылымның қағаз нұсқасын, басылымнан беттің сканерленген көшірмесін – жарияланған материалдар үшін. Конкурс ұйымдастырушысы қажет болғанда қатысушыдан жарияланым күнін және БАҚ атауын көрсетіп, әр бетте БАҚ мөрімен куәландырылған барлық жарияланымдардың түпнұсқаларын немесе олардың көшірмелерін қатысушыдан сұрау құқығын өзінде қалдырады;
- Интернет-басылым үшін – Word форматындағы электронды нұсқасын – жарияланбаған материалдар үшін немесе Print Screen және Интернет желісінде орналастырылған материалға жасалған сілтеме – жарияланған материалдар үшін;
- телеарналар үшін – бағдарламаның және/немесе сюжеттің бейне жазуы (дискте) немесе Интернет желісінде жалпыға қол жетімді ресурстан қотару үшін гиперсілтемені, сондай-ақ бағдарламаның түсіндірілген мәтіні және/немесе қағаз тасушыдағы сюжет немесе Word форматында электронды пошта арқылы.

2.4. Жұмыстар y.dyomina@qiwi.kz электронды поштасына немесе Алматы қ., Панфилов к-сі, 212 мекенжайы бойынша «ОСМП» ЖШС, «Бұқарамен байланыс бөліміне» деген белгімен беріледі. Телефон: +7 (727) 356-12-12 (ішкі 5923), ұялы: +7 (771) 5535362.

2.5. Конкурс қатысушылары конкурс материалдарын өздері әкеп бере алады (конкурстық материалдарды тіркеу журналына қол қояды), электронды поштаға немесе жіберу туралы ескертіп, хабарламасы бар тапсырыс хатымен жібере алады.

2.6. Жұмыстар **2014 жылғы 8 қарашадан кешіктірілмей** осы талаптардың 2.4 т. аталған мекенжайларға жіберілуі керек (материалдар пошта арқылы жіберілсе, күн пошта мөртабаны бойынша, материалдар жеке берілсе, конкурстық материалдарды тіркеу журналындағы белгі бойынша, материалдар электронды пошта арқылы жіберілсе, хат жіберілген күн бойынша анықталады).

2.7. Конкурстық материалдар белгіленген нысанға сәйкес рәсімделетін **Конкурсқа қатысу өтінімімен** (осы Қосымшаның 1-қосымшасы) қоса беріледі.

2.8. Конкурсқа коммерциялық негізде жарияланған **жарнама сипатындағы материалдар мен сюжеттер қабылданбайды**.

2.9. **Конкурс тілдері** – қазақ және орыс.

2.10. Конкурсқа ұсынылатын материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

2.11. Конкурсқа осы жұмысты жіберген қатысушы авторлық құқықтардың сақталуы үшін жауапкершілік көтереді. Қатысушы Конкурсқа жұмысты жібере отырып, автоматты түрде Конкурс құрылтайшысына жіберілген материалды немесе бір бөлігін Интернетте және/немесе баспа басылымдарында коммерциялық емес мақсаттарда жариялау құқығын береді.

3. Конкурстың қазылар алқасы

3.1. Конкурс құрылтайшысы конкурстың қазылар алқасын құрады. Оның құрамына ОСМП, Қазақстанның Интернет қауымдастығының өкілдері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіруі мүмкін.

3.2. Конкурстың қазылар алқасы материалдарға сараптама бағалау жүргізіп, конкурс жеңімпаздарын анықтайды.

3.3. Қазылар алқасының мүшелері Қорытынды хаттамаға сырттай қол қояды.

4. Конкурс номинациялары және номинацияларда жеңімпаздарды анықтау тәртібі

4.1. Конкурс келесі **номинациялар** бойынша өткізіледі:

- Іскерлік басылымдағы ең үздік материал – 150 000 теңге;
- Баспа басылымындағы ең үздік материал (іскерлік емес) – 150 000 теңге;
- Интернет желісіндегі ең үздік материал – 150 000 теңге;
- ТВ ең үздік репортаж – 150 000 теңге;
- Қазақ тіліндегі ең үздік материал – 150 000 теңге;
- Жас дарын – 100 000 теңге.

Материалдар телевизиялық сюжет, репортаж, сұхбат түрінде де берілуі мүмкін.

4.2. Конкурстық материалдарды бағалау және жеңімпаздарды анықтау кезінде келесі **негізгі критерийлер** есепке алынады:

Маңызды талаптар:

- жарияланым Қазақстандағы электронды ақша мен электронды төлем сервистерінің мәні мен ерекшеліктерін түсіндіруге арналуы керек;
- жарияланым арқылы «Неліктен электронды ақшаны Қазақстанның болашағы деп атауға болады?» деген сұраққа жауап берілуі керек;

- жарияланым оқырмандарды электронды ақшаны пайдалана бастау туралы ойға шақыруы керек немесе, тым болмағанда, осы жөнінде ақпарат алуға итермелеу керек;
- материалдың ауданы /ұзақтығы баспа басылымдары үшін кем дегенде 300 ш.см /видео материалдар үшін 1,5 минут болуы керек;
- конкурс құрылтайшысын атау құпталады.

Басқа критерийлер:

- конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек;
- тақырыпты ашу дәрежесі;
- сарапшылардың және /немесе өкімет өкілдерінің және /немесе қаржы қоғамдастығының, т.б. беделді пікірлерінің материалда болуы;
- тақырыпты ашуға шығармашылықпен қарау;
- материалдың практикалық маңызы;
- қаржы терминдерін сауатты пайдалану;
- жаңалық, бірегейлік.

4.3. Қазылар алқасының әрбір мүшесі 4.2 т. аталған критерийлерді есепке ала отырып, «Жас дарын» номинациясынан басқа бес балды шкала бойынша Конкурстың әрбір номинациясы бойынша әрбір қатысушыны бағалайды.

4.3. Ең көп бал санын жинаған қатысушы номинацияда жеңімпаз атанады.

4.4. Бірнеше қатысушы бірдей бал санын жинаса, Конкурс номинациясында жеңімпазды анықтау туралы ақырғы шешімді Конкурс құрылтайшысы қабылдайды.

4.5. Конкурс ұйымдастырушысы таңдаған қатысушы **«Дарынды жас»** номинациясында жеңімпаз болады.

4.6. Конкурс қатысушылары Конкурсқа қатысу үшін номинацияларды («Жас жарын» номинациясынан басқа) дербес таңдай алады.

4.7. Әрбір қатысушы номинациялардың шектелмеген саны бойынша жұмыстарды ұсына алады, бірақ біреуінде (барлық номинациялардың ішінде көп санын жинаған) ғана жеңімпаз бола алады.

5. Конкурс жеңімпаздары мен қатысушыларын марапаттау

5.1. **Конкурстың жүлде қоры** 850 000 (сегіз жүз елу мың) теңге құрайды.

5.2. Конкурстың барлық қатысушыларына дипломдар мен ынталандыру жүлделері беріледі.

5.3. Қорытындыларды жариялау, қатысушыларды және Конкурс жеңімпаздарын марапаттау **2014 жылғы 8 қыркүйектен бастап 5 желтоқсанға дейінгі** кезеңде өтеді.

5.4. Қорытындылар баспасөз релизі түрінде және ОСМП вебсайтында жарияланады.

5.5. Өңірлік БАҚ жеңімпаздары ОСМП жергілікті бөлімшелеріне сыйлық алуға шақырылады.

БАҚ журналистері үшін
«Электронды қаржы»
шығармашылық конкурсына
қойылатын талаптардың
1-қосымшасы

Конкурс қорытындыларын шығару кестесінің нысаны

2014ж.

Журналистер үшін «Электронды қаржы» шығармашылық конкурсының қорытындыларын шығару кестесі

№	Материалдар атауы (жұмыс, автор, басылым)	Бағасы	Орны	Номинациясы

Қазылар алқасының мүшелері:

_____ _____
(қолы) (аты-жөні)

_____ _____
(қолы) (аты-жөні)

_____ _____
(қолы) (аты-жөні)

_____ _____
(қолы) (аты-жөні)

_____ _____
(қолы) (аты-жөні)

_____ _____
(қолы) (аты-жөні)

БАҚ журналистері үшін
«Электронды қаржы»
шығармашылық конкурсына
қойылатын талаптардың
2-қосымшасы

«Электронды қаржы» конкурсына қатысуға өтінім нысаны

«ЭЛЕКТРОНДЫ ҚАРЖЫ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

Қатысушы туралы деректер	
БАҚ атауы	
Бас редактордың аты-жөні	
Журналистің аты-жөні	
Байланыс деректері (жұмыс және ұялы телефоны, электронды поштасының мекенжайы)	
Конкурс материалдары	
Атауы	**Номинациясы**